














ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ
АТАҚТЫ ШАЙҚАСТАРЫ

Героическая оборона Москвы 30.IX—5.XII 1941 г.

Масштаб 1:6 000 000

-  Линия фронта к 30.09 1941 г.
-  Оборонительные укрепления советских войск
-  Ржевско-Вяземский оборонительный рубеж
-  Можайская линия обороны
-  Рубежи Московской зоны обороны
-  Направления ударов немецко-фашистских войск
-  Контрудары советских войск
-  Подход резервов и районы их сосредоточения
-  Действия авиации сторон
-  Линия фронта к началу контрнаступления советских войск (к 5—6.12 1941 г.)



Курс шайқасы. 1943 ж. жазда өткен әйгілі Курск шайқасында жеңіске жеткен [Қызыл Армия](#) бөлімдері жаппай шабуылға шығып, [Украина](#) мен [Белорусьті](#) азат етуге кірісті. [Германияның](#) негізгі күші шығыс майданда болғанын пайдаланған одақтастар 1943 ж. жазда [Сицилияны](#) басып алып, [Апенин түбегіне](#) беттеді. Одақтастардың шабуылы мен антифашистік қозғалыстың күшеюі нәтижесінде шілденің аяғында Италияда Муссолини үкіметі құлап, П.Бадальо бастаған жаңа үкімет 3 қыркүйекте [АҚШ-пен](#), [Ұлыбританиямен](#) уақытша бітім жасасты. Алайда гитлершілер қосымша күш жіберіп, [Италия](#) армиясын қарусыздандырып, елді толығымен басып алды. 1943 ж. өткен [Каир](#) және [Тегеран конференцияларында](#) ағылшын — американ үкіметтері 1944 ж. мамыр айында Батыс Еуропада екінші майдан ашуға келісті, ал [Кенес Одағы](#) Германиямен соғыс аяқталғаннан кейін [Жапониямен](#) соғысуға міндеттенді. Соғыстың 4-кезеңі (1944 ж. 1 қаңтар — 1945 ж. 8 мамыр). Одақтастар барлық майданда жаппай шабуылға шықты. 1944 ж. қысқы және көктемгі шабуыл нәтижесінде Қызыл Армия [Румыния](#) жеріне өтті. Жазғы және күзгі шабуылдардан кейін 19 қыркүйекте Финляндия Мәскеуде уақытша бітім жасасты. Кенес армиясы [Польша](#) және Шығыс Пруссияға келіп кірді. Оларға поляк армиясы көмектесті. АҚШ, Ұлыбритания үкіметтері 1944 ж. 6 маусымда солтүстік-батыс Францияда екінші майдан ашты. Одақтастар армиясы француз партизандарының көмегімен герман әскерлерін [Франциядан](#) ығыстырып шығарды. 1944 ж. шілде — караша айларында Қызыл армия Балтық бойын, Румынияны азат етіп, Болгария шекарасына келіп жетті. Жаңадан құрылған румын және болгар үкіметтері Германияға соғыс жариялады. 20 қыркүйекте чехословак әскери бөлімдері кеңес армиясының көмегімен Чехословакияны азат ете бастады. Қызыл Армия бөлімдері Югославия халық-азаттық армиясының және болгар әскерлерінің көмегімен [Югославияны](#), қазан айынан бастап, [Венгрияны](#) азат етуге кірісті.

-1945 жылы 2 мамырда Берлин қаласы алынды.


-1945 жылғы 8 мамыр-фашистік Германияның тізе бүккендігі туралы шартқа қол қойылды.

-1945 жылғы 9 мамыр-Қызыл Армия жеңіске жетіп, Ұлы Отан соғыс аяқталды.


1945 жылғы 9 тамыз — одақтастық міндеттемелерге сәйкес КСРО соғыстың соңғы ошағы Жапонияға қарсы соғыс басталды. Қиыр шығыста Жапонияға қарсы соғысқа аттанған әскери бөлімдер арасында қазақстандық құрамалары да болды.



КУРСКАЯ ВИТВА. 5 июля - 23 августа 1943 г.




Сталинград шайқасы – 2-дүниежүзілік соғыстағы басты шайқастардың бірі. Ол қорғаныс (1942 жылы 17 шілде – 18 қараша) және шабуыл (1942 жылы 19 қараша – 1943 жылы 2 ақпан) кезеңдерінен тұрады. 1942 жылдың жазында фашистік [Германия](#) мен оның одақтастары [Еуропада](#) екінші майданның ашылмауын пайдаланып, кеңес-герман майданының оңтүстік қанатына басты соққы беруді ұйғарды. Олар [Қызыл Армияны](#) Орелдің оңтүстігінде талқандап, [Донбасс](#), [Дон](#) және [Кубань](#) экономика маңызды аудандарын алуды, Кавказ арқылы өтетін жолдарды, [Сталинградты](#) басып алуды басты мақсат етіп қойды. Жау 1942 жылдың жазында шабуылға шығып, үлкен табыстарға жетті. Тамыздың 23-інде майдан шебі [Сталинградқа](#) келіп тірелді. [Сталинград](#) бағытында [Германия](#) мен оның одақтастарының қару-жарақтың барлық түрімен жақсы жарақталған, 6 далалық армиядан құралған 14 дивизиясы тұрды. Қаланы [Қызыл Армияның](#) 62-(қолбасшысы – ген.-лейтенант В.И. [Чуйков](#)) және 64-(қолбасшысы – генерал-майор М.С. [Шумилов](#)) армияларының бөлімдері қорғады. Қаланы қорғауға шұғыл түрде жұмысшы және халық жасақтары, тылдағы бөлімдер ұйымдастырылды. [1942 жылы](#) 25 тамызда неміс әскерлері батыс жақтан [Сталинград](#) түбіне жетті. Сталинград майданы құрылып, қалаға тың күштер жіберілді. Қалаға жақын жерлерде қорғаныс шептері салынды. Бұл майданның ерекше маңызын ескеріп, Мемл. Қорғаныс к-ті 12 тамызда Бас штаб бастығы ген.-полковник А.М. Василевскийді, 29 тамызда армия ген. Г.К. Жуковты көмекке жіберді. Гитлершілдер қалаға солт. жағынан ғана емес, оңт. тұстан да басып кірді. Неміс-фашист әскерлері қаланы шабуылмен алмақ болып, қатарынан төрт рет әрекет жасады. Кеңес әскерлері қыркүйектің басында екі рет қарсы шабуылға шықты, бұл қаланы қорғаушылардың жағдайын едәуір жеңілдетті. Жау әскері үлкен шығынға ұшырағанына қарамастан 13 – 15 қыркүйекте [Волга](#) (Еділ) шебінде шабуылды қайта үдетті. Қыркүйектің 15-іне қараған түнде қорғаушылар жағдайының нашарлағаны соншалық, әрбір үй қамалға айналып, оның әр қабаты үшін табанды күрес жүрді. 28 қыркүйекте [Сталинград](#) майданы – [Дон](#) (қолбасшысы генерал-лейтенант К.К. [Рокоссовский](#)) және Оңтүстік-Шығыс майданы (қолбасшысы ген.-полковник А.И. [Еременко](#)) болып бөлінді. Сталинградтықтар ерлікпен күресті. Кеңес әскерлерінің стратег. қорғаныс операциялары барысында 1942 жылы шілде мен қараша аралығында жау 700 мыңдай адамынан, 1 мыңнан аса танкісінен, 2 мыңнан аса зеңбірегі мен минометінен, 1400 әскери және тасымал ұшақтарынан айрылды. Нәтижесінде жаудың бұл бағыттағы шабуылы тоқтатылды. Кеңес әскерлерінің [Сталинград](#) түбіндегі қарсы шабуылы 1942 жылы 19 қарашада басталды. Ол үш операциямен іске асырылды: “[Уран](#)” – Сталинградтағы неміс әскерлерін қоршап алу; “[Кіші Сатурн](#)” – Сталинградта қоршауға түскен неміс әскерлеріне батыстан және оңтүстіктен келетін көмектің жолын кесіп тастау; “[Шеңбер](#)” – Сталинградта қоршауға түскен фельдмаршал Ф.[Паулюстің](#) армиясын талқандау. Бұл міндеттерді іске асыру Оңтүстік-Батыс майдан (қолбасшысы генерал-лейтенант Н.Ф. [Ватутин](#)), [Дон](#) майданы (қолбасшысы генерал-лейтенант [Рокоссовский](#)) және [Сталинград](#) майданы (қолбасшысы генерал-полковник [Еременко](#)) әскерлеріне тапсырылды. Шабуылдың бесінші күнінде Оңтүстік-Батыс және [Сталинград](#) майдандарының алдыңғы шептегі бөлімшелері қосылды. Неміс әскерлерінің 300 мыңнан астам елеулі тобы қоршауда қалды. Қоршауға түскен әскерлерді сырттан соққы беру арқылы одан босатуға ұмтылған гитлерлік командование генерал-фельдмаршал Э. [Манштейннің](#) басшылығымен “Дон” армиясы тобын құрды, ол [Сталинград](#) тобына бұзып өтуді бастады. Манштейнге қарсы Ставка генерал-майор Р.Я. [Малиновскийдің](#) 2-гвардия армиясын бұрды. Оңтүстік -Батыс және [Сталинград](#) майдандарының ойдағыдай әрекет жасауы нәтижесінде 6 және 4-неміс танк армиясы, 3 және 4-румын, 8-итальян армиялары талқандалды. Солтүстік [Кавказда](#) әрекет етуші неміс-фашист әскерлерінің тылына, [Ростовқа](#) шабуыл жасауға жағдай туды. 1943 жылы 10 қаңтарда Рокоссовскийдің қолбасшылығымен кеңес әскерлері дұшпанның [Сталинград](#) түбінде қоршауда қалған тобын жоюға кірісті. Қоршауда қалғандарға үздіксіз қызмет ететін әуе көпірін ұйымдастырмақ болған әрекеттерін кеңес авиациясы іске асырмай тастады. 1943 жылы 2 ақпанда генерал-фельдмаршал [Паулюс](#) қалған әскерімен тұтқынға алынды. Осы зор шайқас 200 күн мен түнге созылды. Жау өлгені, жараланғаны, тұтқындалғаны, хабарсыз кеткендері бар 1,5 млн-ға жуық солдат пен офицерінен, ал Қызыл Армия 1 млн. 130 мыңға жуық адамынан айрылды. Оған қосымша фашистер 32-дивизиясынан және 3-бригадасынан айрылып, 16-дивизиясы ауыр соққыға ұшырады. Сталинград шайқасы 2-дүниежүзілік соғыстың барысындағы түбірлі бетбұрыстың басталуына негіз жасады. Неміс-фашист әскерлерінің [Сталинград](#) түбіндегі жеңілісі неміс халқына моральдық-саяси жағынан қатты әсер етті. [Германия](#) одақтастарының шығыс майданында соғысқа деген ықыластары болмады. [Сталинград](#) түбінде [Венгрия](#), [Италия](#) және Румыния әскерлерінің жойылуы бұларға өте қатты әсер етті. Италия мен Венгрия соғыстан шығу жолдарын ойластырды. Түркия бейтараптылығын сақтап қалды



- Положение войск сторон к утру 12 января
- Узлы сопротивления противника
- Направления ударов советских войск
- Танки непосредственной поддержки легкой
- Аэростаты наблюдения
- Ввод вторых эшелонов и даты ввода
- Положение советских войск к исходу 13 января
- Перегруппировка войск и подход резервов противника
- Контраки противника
- Уничтоженные узлы сопротивления противника
- Линия встречи войск Ленинградского и Волховского фронтов 18 января
- Линия фронта к концу января

СТАЛИНГРАДСКАЯ БИТВА. КОНТРНАСТУПЛЕНИЕ СОВЕТСКИХ ВОЙСК 19 ноября 1942 г. – 2 февраля 1943 г.



Мәскеу шайқасы – **2-дүниежүзілік соғыстағы** ірі шайқастардың бірі. **Мәскеу** шайқасы қорғаныс ұрыстары (1941 ж. 30 қыркүйек – 5 желтоқсан) және қарсы шабуыл (1941 ж. 6 желтоқсан – 1942 ж. 20 сәуір) кезеңдерінен тұрады. Неміс қолбасшыларының “Тайфун” атты арнайы шабуыл жоспары бойынша Мәскеуді басып алуды **Германияның** “Орталық” армиялар тобы жүзеге асырмақ болды. Бұл топ резервтегі әскерлер мен кеңес-герман майданының басқа шептерінен жіберілген бөлімдермен, әскери техникамен күшейтілді. Германия-Мәскеу бағытына 74,5 дивизия (1,8 млн-нан аса адам), 1700-дей танк, 1390 әскери ұшақ, 14000 зеңбірек пен миномет шоғырландырды. Ал Мәскеу бағытын қорғап тұрған кеңестік Батыс Резерв және Брянск майдандарының құрамында 1250 мыңдай адам, 990 танк, 677 әскери ұшақ, 7600 зеңбірек пен миномет болды. Немістер үш екпінді топ құрды. Оның екі тобы солтүстіктен және оңтүстіктен шабуылдап, Мәскеуді **КСРО** тылынан бөліп тастамақ болса, негізгі топ Гжатск арқылы тікелей соққы бермекші болды. Шабуылды 1941 ж. 30 қыркүйекте немістердің оңтүстік тобы, 2 қазанда орталық және солтүстік топтары бастап, кеңес әскерінің шебін бірнеше жерден бұзып өтті. Кескілескен шайқастардан соң Қызыл Армия бөлімдері 12 қазанда Калуганы, 14 қазанда Калинин қалаларын қарсыластарға қалдыруға мәжбүр болды. Немістер қазанның 16-сында Боровскіні, 18-інде Можайск мен Малоярославецті басып алды. Кеңес әскерлерінің күшін біріктіру мен басшылықты жақсарту мақсатында Резерв майданы Батыс майданға қосылып, оған басшылық ету армия генералы **Г.К. Жуковқа** тапсырылды. Қорғаныс шептерін салуға 450 мыңдай мәскеулік қатысты. Халық арасынан тұрақты әскери бөлімдер жасақталып, 17 қазанда Калинин майданы (командашысы – генерал-полковник И.С.Конов) құрылды. Батыс майданның 16-армиясы (генерал К.К. Рокоссовский) Волоколам бағытында, 5-армия (генерал Л.А. Говоров) Можайск, 49-армия (генерал И.Г. Захаркин) Калуга бағытында жаумен шайқаста ерлік көрсетті. Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің қаулысы бойынша Мәскеу мен оның айналасы 20 қазаннан бастап “қоршау жағдайында” деп жарияланды. Германия 15 қарашада Мәскеуге екінші рет күшті шабуыл бастады. Қантөгіс ұрыстардан соң немістер Мәскеу-Еділ каналына дейін жетуге мүмкіндік алғанымен, Кеңес әскерінің негізгі шептерін бұза алмады. 5 желтоқсанда барлық бағыттағы жау шабуылы тоқтатылды. Мәскеу шайқасында **Қазақстанда** құрылған әскери құрамалар ерекше көзге түсті. Волоколам бағытын қорғаған 16-армияның құрамында **Алматыда** жасақталған 316-атқыштар дивизиясы (генерал-майор **И.В. Панфилов**) болды. Дивизияның 1075-полкінің саяси жетекші В.К. Клочков бастаған жауынгерлер 16 қараша күні Дубосеково разъезінің түбінде өшпес ерліктің үлгісін көрсетті. **Қазақстанда** жасақталған 238-атқыштар дивизиясы (полковник Г.П. Коротков) Тула маңында, **Ақтөбеде** жасақталған 312-атқыштар дивизиясы (полковник А.Ф. Наумов) Малоярославец бағытында Мәскеуді қорғауға қатысты. Мәскеу шайқасында панфиловшы батальон командирі, аға лейтенант **Бауыржан Момышұлы** әскери шеберлік үлгісін көрсетті. Кеңес әскерлерінің қарсы шабуылын 5 желтоқсан күні Калинин майданы 6 желтоқсан күні Батыс майданы, Оңтүстік-Батыс (Кеңес Одағының Маршалы **С.К. Тимошенко**) майданы әскерілері бастады. 800 шақырымға созылған майданда ұрыстар жаңа күшпен жалғаса түсті. 1942 ж. қаңтарда қарсы шабуыл Қызыл Армияның жаппай шабуылына ұласты. Шайқастардың нәтижесінде қарсыластар батысқа қарай 400 шақырымға дейін қуылып, Мәскеу, Калинин және Тула облыстарының ондаған қалалары мен жүздеген селолары басқыншылардан азат етілді. Қызыл Армияның қарсы шабуылы нәтижесінде жаудың “Орталық” армиялар тобы орасан зор шығынға ұшырап, 500 мыңдай адамынан, 1300-дей танкісінен, 2500 зеңбірегінен, 15 мыңнан аса автокөлігінен айырылды. Мәскеу шайқасында фашистік армия алғаш рет ауыр жеңіліске ұшырап, оның жеңілмейтіні жөніндегі аңыз жоққа шығарылды. Мәскеу шайқасы 2-дүниежүзілік соғыстың барысындағы түбегейлі бетбұрыстың бастамасы болып, **Гитлерге** қарсы одақтың қалыптасуын тездетті.

Ленинград шайқасы — 2-дүниежүзілік соғыс кезінде неміс-фашист әскерлерінен Ленинградты (қазіргі Санкт-Петербург) қорғау мақсатымен Кенес Карулы Күштері мен қала еңбекшілерінің 1941 ж. 10 шілдеден 1944 жылдың 10 тамызына дейін жүргізген жауынгерлік қимылдары. Неміс командованияесі Ленинградты оңт. пен оңт.-шығыстан (құрамында 16, 18-армиялар, 4-танкілер тобы, 1-әуе флоты бар) армиялар тобының және солт.-батыстан фин әскерлерінің (Оңт.-Шығыс және Карель армиялары) біріккен күші арқылы қала маңындағы соғыс — теңіз базаларын талқандап, КСРО-ны аса ірі өндіріс орт-тарынан айыруды көздеді. Неміс әскерлері негізгі соққыны Луга арқылы Красногвардейскіге қарай бағыттады. Осымен бір мезетте фин әскерлері Карель мойнағында Петрозаводскіге қарай шабуылға шықты. Жау шабуылына тосқауыл ретінде қаланы қоршай салынған қорғаныс шептерінің жалпы ұзындығы 900 км-ге жетті. Қысқа мерзімде халық жасақтарынан 10 дивизия, көптеген партизан отрядтары құрылып, майдан шебіне жөнелтілді. Ленинград бағытында жау әскерлерінің шабуылына тойтарыс жасап, соққы беру міндеті құрамында 7, 23-армиялар (барлығы 8 дивизия) бар Солт. (23 тамыздан Ленинград майданы, қолбасшысы ген.-л. М.М. Попов) және құрамында 8, 11, 27-армиялар (31 дивизия және 2 бригада) бар Солт.-Батыс (қолбасшысы ген.-м. П.П. Собенников) майдандарының әскерлеріне жүктелді. Бұл екі майданның қимылдарын Солт.-Батыс бағытының бас командованияесі (бас қолбасшысы Кеңес Одағының Маршалы К.Е. Ворошилов) басқарды. 1941 ж. тамыз — қыркүйек айларында Ленинград майданының әскерлері аса қиын жағдайда қалып, 10 қыркүйекте армия генералы Г.К. Жуков майдан қолбасшылығына тағайындалды. Ол Балтық флотымен бірлесе отырып, қала қорғанысын нығайтуға көп күш-жігер жұмсады. Ленинград 1941 ж. 8 қыркүйектен 1943 ж. 18 қаңтарға дейін жау қоршауында болды. Қоршаудағы Ленинград сыртқы дүниемен тек Ладога көлі және әуе жолы арқылы байланысты. Қаладағы әскерилер мен жалпы халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі қиынға соқты. Қарашаның 20-сынан әр адамға тәулігіне берілетін нанның мөлш. 125 — 250 г-ға дейін төмендеді. 1941 ж. қараша — 1942 ж. қазан айлары аралығында 641803 адам аштан қырылды. Ладога көлінің мұзымен автомобиль жолы (“Өмір жолы” аталды) салынып, қажетті қару-жарақ, азық-түлік, т.б. тасымалданды. 1942 ж. 26 тамызда Жуков Жоғары Бас қолбасшының 1-орынбасары болып тағайындалып, Ленинград қорғанысына басшылық жасады. Немістер Ленинградты қаншалықты ұзақ қоршағанымен (900 күн) қалаға басып кіре алмады. 1943 ж. 12 қаңтарда Ленинград майданының (қолбасшысы ген.-полк. Л.А. Говоров) 67-армиясы, Волхов майданының (қолбасшысы армия ген. К.А. Мерецков) 2-екпінді армиясы Ладога көлінің оңт.-нде бір мезгілде қарама-қарсы шабуылға шықты. Бұларға Балтық флоты (адм. В.Ф. Трибуц) көмектесті. 18 қаңтарда қоршау бұзылды. Ленинград маңындағы фашистерді талқандауды Кеңес командованияесі жедел қарқынмен жүзеге асыра бастады. 1944 жылдың тамызына дейін созылған Л. ш. нәтижесінде Ленинград облысы тегіс жаудан азат етілді. Фин әскерлерінің “Карелия мойнағы” деп аталған әскери тобы да талқандалды. Ленинград бағытында болған ұрыста дұшпанның 50-ге тарта дивизиясы талқандалды. Ленинградты қорғауға, оның түбіндегі жау әскерлерін талқандауға Қазақстанда жасақталған әскери құрамалар (310, 314-атқыштар дивизиялары) қатысты. Мындаған қазақстандықтар Ленинград түбінде ерлікпен шайқасты. Л. ш.-ның ауыр күндерінде С.Баймағанбетов Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Балтық флотының “Киров” крейсерінде 156 қазақстандық жауынгерлік борышын орындады. Қазақстан халқы ленинградтықтарға азық-түлік пен делегациялар жіберіп те, хат арқылы да көмек беріп отырды. Қазақтың халық ақыны Жамбыл Жабаевтың “Ленинградтық өренім!” атты жалынды жыры жауынгерлерді күреске жігерлендіре түсті. Л. ш.-ның зор саяси әрі стратег. маңызы болды. Фашистердің Шығыс майдандағы әскерлерінің 1/5-не жуығы Ленинград бағытында шоғырланды, осы елеулі күшті талқандауда кеңес әскерлері асқан ерлік көрсетті. Кеңес халқының 1941 — 45 ж. фашистік Германияға қарсы соғыс жеңісінің 20 жылдығына байланысты 1965 ж. 8 мамырда Ленинградқа қаһарман қала атағы берілді.